

МҰҚАЖАН АТАМЕН КЕЗДЕСУ

1941 жылдың маусым айының 21-де екінші дүниежүзілік Жаһан соғысы басталды. 1945 жылдың 9 мамырында Женіс

біздің аталарымыз бен әжелеріміз қазақтың қайсар, рухы биік, батыр халық екенін дүние жүзіне дәлелдеп берді. Екінші дүние жүзілік соғыста біздің ер жүрек жауынгерлер ата-бабаларының жолын лайықты жалғастыра білді. Олардың көбісі арамызда екіншіке орай жоқ, бірақ есімдері мен ерліктері мәңгілікке ұмытылмас.

"Отан үшін отқа түс - күймейсің" - деп дана халқымыз айтқан сөздері дәл айтты. Осыдан 70 жыл бұрын болған соғыстың зардабын көрген аталарымыздың ерен еңбегінің арқасында бейбіт өмір сүреміз. Қазақ елінен соғысқа қатысқан Кеңес одағының батырлары қаншама. Солардың ішіндегі Бауыржан Момышұлы, Нүркен Әбдіров, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Мәлік Ғабдуллин, Қасым Қайсенов сияқты және де аты аталмай қалғандары қаншама десеңші, қазақтың батыр ұл-қыздарының ерлігіне әлем тәнті.

Ел мен жерге қауіп төнгенде, халық тағдыры, ұрпақтың болашағы қыл үстінде тұрғанда, бар жауапкершілікті мойындарына алып, қорған болуға ұмтылған қаншама аталарымыз бен әжелеріміз манданта аттанып кетті. Солардың ішіндегі қазір ауданымыздағы соғыс ардагерлері де бар: ЖҚұлжанов, МАқажанов және т.б. Екіншіке орай қатарлары сирей бастады, бірақ олардың ерліктері ел есінде. Бізге жарқын, бейбіт өмір сыйлаған барлық батырлардың есімдері әр ұрпақтың жүрегінен орын табары ақиқат.

Ауданымыздың құрметті ардагері - Мұқажан атаның осынау екінші дүние жүзілік соғысқа қатысқаны туралы естеліктерін тыңдап, өлең жырларымызды оқып, жүрек жарды сұрақтарымызды қойып, Мұқажан ата ерлігіне тәнті болып қайттық. Жылы шраймен қарсы алған отбасы мүшелері де, атаның орыны ерекше екенін көрсеткендей. Оқушылардың қойған сұрақтарына тоқталатын болсақ:



Ансатасия - Сіз әскер қатарына қашан шақырылдыңыз? - деп сұрақ қойды.

-1939 жыпдыңқазан айында қызыл әскер қатарына шақырылып, әскери борышын өтеу уақыты Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс болғандықтан, еліне аман-есен тек 1946 жылдың мамыр айында оралғандығын айтты.

Жеті жыл қызыл әскер қатарында болған Мұқан, сұрапыл соғыс жылдары Кеңес Одағының Қиыр Шығыс әскери округінде Комсомольск қаласының іргесіндегі арнайы бөлімде шекарадағы әскери барлау қызметінде жауапты болғандығын айтты.

Нәзерке" - Соғыстан кейін қандай қызмет атқардыңыз және сізге қандай құрмет көрсетілді?

- Соғыстан кейін 1947 жыпдың қаңтар айынан бастап 1949 жыпдыңқазанына дейін Мұқан аудандық тұтынушылар одаш (Райпотребсоюз) мекемесінде ревизор болып азаматтық қызметін қайта жапғастырғандығы, одан кейін сопмекемеде қойма меңгерушісі, ап 1950-1956 жылдар аралығында Шет аудандық тұтыну одағы төрағасының орынбасары қызметінде болғандығын, 1956-1960 жылдар аралығында «Орталық аудандық аурухана», ап 1960-1974 жылдар аралығында «Аудандық коммуналдық шаруа-

шылығы» мекемелерінде шаруашылық меңгерушісі (завхоз) болып еңбек етсе, 1974-1977 жылдар аралығында Кеңшоқы кеңшарында бас шопан болып жұмыс атқарып, соңынан 1977 жылы зейнеткерлікке шыққанын айтты. Бірақ аудандық аурухана мекемесінің басшылығы Мұқанның моп тәжірибесін және жауапкершілігін бағалап, 1977 жылы бұрынғы шаруашылық меңгерушісі қызметіне қайта шақырды. Зейнеткерлікте бола тұра, Мұқан осы қызметті он жыл, яғни 1987 жыпға дейін абыроймен атқарды. Өндірістегі жоғарғы көрсеткіштері үшін Мұқан бірнеше дүркін ауданның, облыстың, кәсіподақ ұйымының жеңімпазы аталып мақтау грамоталары және бағалы сыйлықтарымен марапатталғанын айтты.

Осынып оқушысы Әйгерім «Кестелі орамал» әнін тамылжыта айтып берді. Ардагер ата оқушылар мен мұғалімдерге ақ батасын берді. Осы кездесуді ұйымдастырған ұстаздар қауымы мен мектеп басшылығына алғысын білдірді.

Бану ТҮСІПХАНОВА,
М.Горький атындағы мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.